

## Мәдениет ошақтарында

*Облыстық Н.Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасында қазақтың аса көрнекті ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Абай және Шәкәрім: рухани үндестік» атты әдеби — музыкалық кеш өтті.*



### рухани үндестік

Жарты ғасырдан астам еріксіз үзілістен соң халық алдына қайта қауышқан ұлы тұлғаларымыздың бірі Шәкәрімнің қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында алатын орны өзгеше. Шәкәрім әрі ақын, әрі тарихшы, философ, өз заманының үлкен ойшылы. Қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген, қазақ халқының көркемдік ойының үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңін түрлендіре түскен, қазақ тілінің мол мүмкіндіктерін бұрынғыдан әрмен танытқан бірегей қаламгер. Ол қазақ әдебиетінің көшбасшысы Абайдың үлкен ағасынан туған ізбасар інісі. Туыстық жөнінен ғана емес, ұстанған жолы тұрғысынан алып қарағанда да Абай ізін жалғастырушы ірі тұлғалардың бірі еді.

Бұл кешке шәкәрімтану саласында өзіндік үлестері бар академик Е.Бөкетов атындағы филология факультетінің аға оқытушысы Сағымбай Жұмағұлов, философия ғылымдарының кандидаты Бақытжан Рақымжанов, Омар Жәлелұлы арнайы қонақ ретінде келіп, Абай және Шәкәрім рухани үндестігі туралы өз ойларымен бөлісті. Кешке аталған жоғары оқу орнының студенттері, Қарағандының «Болашақ» университетінің филология факультеті мен Қарағанды гуманитарлық колледжінің студенттері және де кітапхана оқырмандары қатысып, қонақтардан өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алып, ой бөлісті.

Кеш екі бөлімнен тұрды, бірінші бөлімінде аталмыш кітапхананың жанынан құрылған «Жыр-жауһар» поэзия клубының мүшелері Қарағанды гуманитарлық колледжінің студенттері Назерке Түсіпбекова, Панзат Жұмағұлова сынды талантты жастар Шәкәрім өлеңдерін мәнерлеп оқумен қатар, өздерінің де өлеңдерімен көрермендерді сусындатты.

Шәкәрімнің музыка саласындағы еңбегі өз алдына бір төбе. Ол жиырмадан астам ән шығарған. Осыған орай, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі Аханов Дулат, «Болашақ» университетінің студенті Қадылбек Берікбол Шәкәрім әндерін орындады.

Қалам қарымдылығы мен ой тереңдігі киюласқан талантты суретші М.Әлиакпаровтың рухани нәрге, ұлы Абай мен Шәкәрімнің кейінгі ұрпақтарға үлгі боларлықтай өнегелі өмірлері мен шынайы шығармашылықтарына арналған туындыларымен танысты.

Кештің екінші бөлімінде «Жыр-жауһар» поэзия клубының мүшелері «Еңлік-Кебек» поэмасынан көрініс көрсетті. Басты рольдерді: Еңлікті «Болашақ» университетінің студенті Нұрерке Жартынкызы, Кебекті осы оқу орнының студенті Қуаныш Медеубаев, басқа да рольдерді: Жанат Баекенов, Мирас Асан, Берікбол Қадылбек аса шеберлікпен ойнап, көрермендерді ерекше әсерге бөледі.

Келешекте қазақ жастарының рухани санасы мен мәдениетін одан әрі көтеретін осындай кештер жиі бола берсін.

**Назерке ЖАРТЫН,**  
**Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың**  
**студенті.**